

**Балаларға қосымша білім беру ұйымдары басшыларының
біліктілігін арттыру курсының**

БАҒДАРЛАМАСЫ

**«Балаларға қосымша білім беру жүйесін жаңғырту: инновацияларды енгізу
және қызмет сапасын қамтамасыз ету»**

(72 сағат)

Түсініктеме хат

Балаларға қосымша білім берудің қазақстандық заманауи жүйесі білім алушылардың білімдік қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында іске асырылатын тәрбиелеу және оқыту үдерісі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қосымша білім беру желісін дамыту және мазмұнын жетілдіру көзделген. Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытудың нәтижесі бірқатар ұйымдастырушылық, кадрлық, ғылыми, әдістемелік-бағдарламалық, материалдық-техникалық мәселелерді шешуге байланысты.

Қазақстандық білімді жаңғырту оның қолжетімділігіне, сапалығына және тиімділігін арттыруға бағытталған. Ол білім мазмұнының елеулі жаңаруын, қазақстандық қоғамдамуының уақыт талаптарына және міндеттеріне сәйкес келтіруін болжайды.

Ұсынылып отырған біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы балаларға қосымша білім беру ұйымдары басшыларына арналған. Бағдарлама балаларға қосымша білім беруді дамыту мен одан әрі жетілдіруге қатысты негізгі сұрақтарды қамтитын блоктық-модульдық тәсілге негізделген. Бағдарламаның жалпы көлемі – 72 академиялық сағат.

Сабақтар Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдары қызметінің теориялық және практикалық тәжірибесімен танысу, тыңдаушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру және жобаларды қорғауды қарастыратындәріс және практикалық түрде өткізіледі.

Тыңдаушылар жалпы орта білімнің және балаларға қосымша білім берудің ықпалдасуының теориялық негіздерін, қағидаларын, даму заңдылықтарын және үрдісін оқып біледі.

Оқу бағдарламасы 4 негізгі модульдерден тұрады:

Нормативтік құқықтық модуль: курс тыңдаушыларына қосымша білім берудің нормативтік құқықтық құжаттардың жаңару мәселелерін, педагогикалық кадрларды аттестаттау мәселелерін, заманауи мемлекеттік-қоғамдық басқару, мемлекеттік-жеке меншік серіктестіктің ғылыми негіздерін ашып көрсетеді.

Психологиялық-педагогикалық модуль балалармен психологиялық-педагогикалық жұмыс істеудегі, бала тұлғасын, балалардың жас ерекшеліктерін дамытудағы білімдерін жетілдіруді болжайды, педагогикалық ұжымдағы қарым-қатынастардың тұлғааралық мәселелерін және кикілжіңдердің алдын алуын қарастырады.

Теориялық-технологиялық модуль құзыреттілікке бағдарланған білім беруге көшу жағдайындағы педагогикалық қызметті жетілдіруді қарастырады.

Бағдарламаның **тәжірибеге бағдарлау модулі** бала тұлғасының дамуына бағытталған тәрбие және оқыту қызметінің сапасын арттыруға мүмкіндік беретіннегізгі педагогикалық технологияларды, сондай-ақ инновациялық білім беру технологияларын енгізуді ашып көрсетеді.

Мақсатты топтың сипаттамасы - қосымша білім беру ұйымдарының басшылары.

Курс өткізудің негізгі түрлері: дәрістер, семинарлар, практикумдер, шығармашылық шеберхана, шеберлік сыныптар, тренингтер.

Курстың мақсаты:

Балаларға қосымша білім беруді жаңғыртудың негізгі бағыттары, нормативтік құқықтық база, білім беру үдерісінде педагогтардың

шығармашылық басымдылығын дамытуды қолдану мақсатындағы заманауи ақпараттық технологияларды дамыту бойынша ұйым басшыларының біліктілігін арттыру.

Курс міндеттері:

- 1) қосымша білім беру жүйесіндегі заңнамалық, нормативтік құқықтық базаның жаңаруы жөнінде тыңдаушыларды хабардар ету;
- 2) қосымша білім беру жүйесінде заманауи білім беру технологиялары жөніндегі әдістемелік және теориялық білімдерін жетілдіру;
- 3) білім беру жүйесінің заманауи ақпараттық және инновациялық технологияларымен таныстыру.

Модульдің мазмұны

	Модульдің атауы	Сағат саны	Түрі	
			дәріс	практика
1.	НОРМАТИВТІКҚҰҚЫҚТЫҚ МОДУЛЬ	10	10	0

1.1.	Кіріспе. Курстың жалпы сипаттамасы	2	2	0
1.2.	Балаларға қосымша білім беру жүйесін жаңғырту: инновацияларды енгізу және қызмет сапасын қамтамасыз ету	2	2	0
1.3.	Білім саласындағы заңнамалар. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының заманауи қызметін реттеудің нормативтік құқықтық негіздері	2	2	0
1.4.	Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасы	2	2	0
1.5.	Халықаралық зерттеулер контекстіндегі білім алушылардың оқу жетістіктерінің сапасы	2	2	0
2.	Психологиялық-педагогикалық модуль	10	8	2
2.1.	Ұжым мен социумдағы психологиялық-педагогикалық әрекеттестік пен қарым-қатынас теориясы	4	2	2
2.2.	Балалар дарындылығының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	2	2	0
2.3.	Басқарушылық қызметтегі тұлға психологиясы	4	4	0
3.	Теориялық-технологиялық модуль	36	20	16
3.1.	Қосымша білім беру жүйесіндегі педагогикалық менеджмент	2	2	0
3.2.	Қазіргі заманғы құзыреттілікке бағытталған білім	4	2	2
3.3.	Қосымша білім беру жүйесіндегі жобалау-зерттеушілік қызмет	2	0	2
3.4.	Заманауи педагогикалық технологиялар мен инновациялар. Заманауи педагогикалық технологиялардың қосымша білім беру сапасы мен тиімділігіне әсері	4	2	2
3.5.	Балалар қоғамдық ұйымдарының тәрбиелікәлеуеті	4	2	2

3.6.	Мұражай педагогикасының негіздері	4	2	2
3.7.	Қазақ мәдениетінің «Ұстаз-Шәкірт» дәстүрі	4	4	0
3.8.	Қосымша білім беру жүйесіндегі инклюзивтік білім беру	4	2	2
3.9.	Қосымша білім берудегі білім алушылардың сын тұрғысынан ойлау технологиясы	4	2	2
3.10.	Балаларға қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтендіру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту	4	2	2
4.	Тәжірибеге бағдарланған модуль	16	0	16
4.1.	Қосымша білім беру ұйымдарының инновациялық түрлері (ғылымқалалар, технопарктер, интерактивті парктер және т.б.)	4	0	4
4.2.	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы инновациялық тәсілдер	4	0	4
4.3.	Дөңгелек үстел: «Ұйымдарды басқарудағы жаңа элементтерді енгізу. Мәселелер мен оларды шешу жолдары»	4	0	4
4.4.	Қосымша білім беру ұйымдарында білім беру үдерісін дамытудағы басқару жүйесі	4	0	4
		72	38	34

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына жолдауы
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (2007 ж.)
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы
4. Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шартын, сондай-ақ мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 07 тамыздағы № 323 бұйрығы
5. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013ж. 17 мамырдағы №499 заңымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»
7. Жексенбаева Ү.Б. Қазіргі заманғы мектептегі құзіреттілікке бағдарланған білім. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2009. 190 бет.
8. Қосымша білім беру жүйесіндегі білім алушылардың кәсіби бағыттылығын, бейімділіктерін, қызығушылықтарын және мотивтерін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік нұсқаулар –Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК – Астана, 2013 жыл, - 128 бет.
9. Қазақстан Республикасының қосымша білім беру ұйымдары жүйесінде балаларға әлеуметтік тәрбие берудің жаңа бағыттары (әдістемелік нұсқаулар) – РМҚК «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» (РҚБОӘО) – Астана, 2013 жыл, - 128 б.
10. Балалардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын әзірлеу бойынша әдістемелік

нұсқаулар – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы», Астана 2013 – 162 бет.